

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 312 (2017), 206 – 209

UDC 37.0

**R.S. Ismagulova, A.E. Zhumabaeva**

Kazakh National Pedagogical University after Abay, Almaty, Kazakhstan  
[irauzya@mail.ru](mailto:irauzya@mail.ru)

**THE IMPORTANCE OF TEACHING ENGLISH LANGUAGE  
IN PRIMARY SCHOOLS**

**Annotation.** Learning and speaking foreign language are important in our country. Teaching foreign language in primary schools contributes to the becoming and development of competitive, well-rounded, and intellectual younger generation speaking fluently in foreign languages. Unlike other disciplines, the main purpose in teaching foreign language is the development of students' communicative competence, and, therefore, introducing a foreign culture and establishing a relationship with them. At the initial stage of teaching foreign language in primary school, the foundation of communication skills is laid through the first steps of learning foreign language. The initial stage of teaching language depends on the language materials, so it aims at disclosing the potential of the discipline, its educative, informative and developing aspects. Currently, teachers use the advanced international experience, innovative technologies and methods of English language teaching in order to increase the quality of teaching foreign language. Use of different methods of teaching foreign language is considered to be effective in mastering the theoretical issues and principles, tasks and exercises. Learning English language also helps factor into the formation of primary school students' competency, cognitive and communicative skills.

**Keywords:** primary school, English language, communication skills, teaching, upbringing, education, development, skills, method.

ӘОЖ: 37.0

**Р.С. Исмагулова, Э.Е. Жұмабаева**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АҒЫЛШЫН ТІЛІН  
ОҚЫТУДЫҢ МАНЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Аннотация.** Елімізде шет тілін оқып-үйренудің, оны жете менгерудің маңыздылығы зор. Бастауыш мектептерде шет тілінің оқытылуы – бәсекеге қабілетті, жан-жакты дамыған саналы, бірнеше тілді менгерген жас ұрпақтың өсіп жетілуін қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Өзге пәндерден ерекшелігі сол шет тілін оқытудың басты мақсаты – білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Яғни, басқа мәдениетпен танысу, қарым-қатынас жасау. Бастауыш сыныптарда шет тілін оқытудың бастапқы кезеңінде шет тілін оқып үйренудің алғашқы қадамдары мен бастамалары арқылы коммуникативтік дағылардың негізі қаланады. Оқытудың бастапқы кезеңі тілдік материалдарға байланысты құрылады, яғни пәннің потенциалдық мүмкіндіктерін - тәрбиелік, дамытушылық, білімдік жағынан ашу көзделеді. Пән мұғалімдері қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйрету саласындағы әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда. Оқытудың түрлі әдістерін пайдалану арқылы түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды менгерту тиімді болып табылады. Сондай-ақ бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқыту арқылы білім алушылардың біліктілік, танымдық, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға болады.

**Түйін сөздер:** бастауыш мектеп, ағылшын тілі, коммуникативтік дағды, оқыту, тәрбиелік, дамытушылық, білім, білік, әдіс.

Еліміздегі саяси өзгерістер мен экономиканың қарқынды дамуы білім жүйесіне айтарлықтай эсер етуде. Экономиканың дамуы халықаралық байланыстарды нығайтады. Мәденияралық түрлі ұлт өкілдерінің бір-бірімен қарым-қатынас жасауы тілдік қатынастың дамуын талап етеді. Ендеше, елімізде шет тілін оқып-үйренудің, оны жете менгерудің маңыздылығы зор. Қазіргі оку жүйесіне енгізілген өзгерістер білім алушыға бір тілді ғана емес, тіпті бірнеше тілді менгеруге мүмкіндік береді. Мектептерде шет тілінің оқытылуы –

бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған саналы, бірнеше тілді менгерген жас ұрпактың өсіп жетілуін қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Бастауыш білім берудің базалық мазмұны үштілді білім беру саясаты шенберінде іске асырылады. Үштілді білім берудің мақсаты қөптілді тұлғаны – кемінде үш тілді менгерген, қызметтің алуан түрлі саласында үш тілде диалог жүргізе алатын, өз елінің мәденистін бағалайтын, басқа елдердің мәденистін түсінетін және сыйлайтын Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді» делінген [1].

«Қазақстан бұқіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. ... ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдан кіргі тілі» - деп Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсына отырып, тіл мәселесіне қатты назар аударған болатын. Сондай-ак «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына жолдауында «Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу- әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін» деп атап етті. Сол себепті қазіргі үақыт талабына сай ағылшын тілінің пән ретінде қажеттілігі құннен-күнге артып келеді. Мемлекеттің тілдік саясатының ең маңызды мақсаттарының бірі - осы ағылшын тілін ғаламдық экономикаға кірудің ең негізгі тілі ретінде дамыту [2,3].

Шет тілін оқытудың езіндік ерекшелігі бар. Өзге пәндерден ерекшелігі сол шет тілін оқытудың басты мақсаты – білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Яғни, басқа мәденистепен танысу, қарым-қатынас жасау - шет тілін оқып үйренудің ең үлкен маңызды мәселелерінің түпкі мақсаттарының бірі болып отыр.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Бастауыш білім берудің мақсаты - коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды менгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады» делінген [1].

Қарым-қатынас сөйлеу әрекетінің теориясына негізделеді. Қарым-қатынас жасаушы адамдардың әрекеттері нәтижелі болуы үшін ойлаған істерін біріккен әрекетте тілдік көмегі арқылы ғана шеше алады. Тілдік қатынастар сөйлеу арқылы іске асырылады. Шет тілін оқытудың бастапқы кезеңінде шет тілін оқып үйренудің алғашқы қадамдары мен бастамалары арқылы коммуникативтік дағдылардың негізі қаланады. Коммуникативтік дағдылардың негізін қалыптастыру үақыт пен төзімділікті қажет етеді. Оқып-үйренетін шет тілі қарым-қатынас жасау құралы ретінде таныстырылады. Білім алушылар шет тілін тыңдай білуге, өз ойларын сол тілде жеткізе білуге, оқи білуге, жаза білуге, шет тілі графикасы мен орфографиясын игеруге, өз ойларын жазбаша жеткізе білуге үйренулері қажет. «Сөйлеу әрекетінің әртүрлінің негізін қалау үшін олардың әркайсысының қызымет етуін қамтамасыз ететін қарапайым коммуникативтік деңгейден олардың одан ары дамуының жаңа сапалы сатысына өтүіне мүмкіндік беретін тілдік құралдардың жинақталуы қажет» [4].

Шет тілін оқытудың бастапқы кезеңінің маңыздылығы зор. Келесі кезеңдердің нәтижелі болуы бастапқы кезеңге тікелей байланысты. Ағылшын методисті Г. Пальмер шет тілін оқып-үйренудің алғашқы кезеңіне аса көп назар аударған. Ол «Take care of the first two stages and the rest will take care of itself», яғни, «бірінші екі кезеңді дұрыс игертуге қамқорлық жасасаң, қалған кезеңдер өз-өзіне қамқорлық жасайды» деп жазады. Шет тілін оқудың алғашқы сатысымен бірге аралық кезеңдерді де атап етеді, алайда, бастапқы кезеңінің маңыздылығын жоққа шығармайды. Шет тілін оқытудың бастапқы кезеңі тілдік материалдарға байланысты құрылады, яғни пәннің потенциалдық мүмкіндіктерін тәрбиелік, дамытушылық, білімдік жағынан ашу көзделеді. Оның көлемі, ұйымдастыру, ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеттерін қалыптастыру мен дамытуды сатылап жүйелеу және оку-тәрбие үдерісінде іске асыру қамтылады [5]. Демек, оқытудың бастапқы кезеңінде тілді оқып үйренуді жетілдірудің қажетті және ары қарай дамытуға мүмкіндік бере алатын коммуникативтік дағдылардың негізі қаланады. Шет тілін коммуникативтік оқытудың шығармашылық сипатта болуы оқытудың саналы түрде жүргізуіне тікелей байланысты. Тұлғаның шығармашылық, еркін және белсенді дамуына мүмкіндіктер жасалынады. Сонда ғана білім алушылар қарым-қатынас кезінде өз ойларын еркін жеткізеді, қарым-қатынас жасаушылар бір-бірінің назарында болады, сын айту, қателіктерін түзөу барысында еркін болуарына мүмкіндік береді, тілдің қарым-қатынас жасаудағы маңыздылығын, коммуникативтілікті дамытуда тілдік тапсырмалардың маңызды екендігін көруге болады. Коммуникативтік тұрғыдан оқыту өздеріне жат мәдениетті танып біле бастаған білім алушылардың тілдік қатынаска ішкі дайындығын, қабілеті мен дағдыларын қалыптастырады.

Шет тілін оқытудың бастапқы кезеңінде бастауыш сынып білім алушылары таныс тақырыптар бойынша қысқа әңгімелердің негізгі мазмұнын түсінуі, таныс сөздерді, түстер мен сандарды, қысқа сұрактарды түсінуі, тірек сөздерді пайдалануы, шағын әңгімелердің жалпы мәнін түсінуі қажет.

Сондай-ак, білім алушы өзі туралы сөйлемдер, сұрактар құрастыруы, сұрактарға жауап беруі, дұрыс интонациямен және екпінмен айтуды; өзіне не ұнайтынын және не ұнамайтынын айта алуы керек. Оқыту барысында білім алушы қарапайым иллюстрацияларға сөздікі пайдалана алады, түрмисстық-әлеуметтік тақырыптағы көлемі шағын мәтіндерді түсініп, негізгі ойын, қажетті ақпаратты, адамзат құндылықтарын айқындау алуы тиіс және жиі қолданылатын сөздердің жазылуы мен айтылуы арасындағы айырмашылықты ажыратады. Шет тілін оқытудың бастапқы кезеңінде бастауыш сынып білім алушылары таныс тақырыптар бойынша қысқа әңгімелердің негізгі мазмұнын түсінуі, таныс сөздерді, түстер мен сандарды, қысқа сұрактарды түсінуі, тірек сөздерді пайдалануы, шағын әңгімелердің жалпы мәнін түсінуі қажет.

Жалпы, шет тілін оқытуда үш түрлі мақсатка қол жеткізу көзделеді: білімділік, дамытушылық және тәрбиелік. Тіл катынас құралы болғандықтан, білімділік мақсатты іске асыруда шет тілі сыртқы әлем мен қоршаған ортадан ақпарат алу мен білім жинаудың көзі болып табылады. Сондай-ақ, тілдің ақыл-ой мен сезім-жігерді дамытуда да атқаратьын рөл зор. Білім алушылардың ойлау, қарым-қатынас жасау дағдыларымен қатар, тілдік білімді қолдану біліктілігін де қалыптастырады.

Дағды мен біліктілікті қалыптастыру - білім алушыларды дамытудағы негізгі мақсаттардың бірі болып саналады. Білім алушылардың тіл мәденистін игеруі де, қарым-қатынас жасай білуі мен шет тіліндегі оқу мәденистін үйренулері де тіл арқылы, екі жақтылық қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Сөйлеу, тыңдай білу, сұрай білу мәденисті тіл үйренушілердің тәрбиелік деңгейін көтереді. Тіл үйрету арқылы білім алушылардың сөйлеу, жазу, тыңдау, оқу әрекеттерімен қоса, ақыл-ой енбектерін, эстетикалық талғамдары мен дүниетанымдарын да дамытуға болады.

Ағылшын тілі пәні мұғалімдері қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйрету саласында әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда. Оқыту әдістерінің білім берудегі маңыздылығын айта келе, Ю.К. Бабанский: «Оқыту әдістері білім беру мәселелерін шешуге бағытталған білім беруші мен білім алушы арасындағы реттелген, өзара байланысқан әрекеттер тәсілі» дей отырып, оқу-танымдық әрекеттерді ұйымдастыру мен іске асырудың бірқатар әдістерін ұсынады:

1. Ауызша әдіс.
2. Көрнекі әдіс.
3. Іздену әдісі.
4. Индуктивтік әдіс.
5. Өзіндік жұмыс әдісі.
6. Практикалық әдіс [6].

Ауызша әдіс – теория және фактіге негізделген білімді қалыптастырудың, үй тапсырмасын және жаңа сабакты пысықтауда, ережелерді қайталауда пайдаланылса, көрнекі әдісті бақылау қабілетін дамытуда, оқылатын мәселеге ықыласын көтеруде және оқу материалының мазмұнын көрнекілік арқылы түсіндіруде қолданылады. Өзінше ойлануды және зерттеу қабілеттерін дамыту үшін білім алушылардың тақырыпты проблемалық оқытуға әзірлеуді іздену әдісі арқылы іске асыруға болады. Индуктивтік әдіс – корытынды жасау қабілетін дамытуда курделендіре оқыту үшін, ойлау қабілетін қалыптастыру үшін пайдаланылады.

Оқу әрекетінде жұмыс істеуде қабілеттерін дамыту мен оқу енбектеріндегі дағдыларын қалыптастырудың женил тақырыптарды өз беттерінше дайындауға, дидактикалық материалдармен тиімді жұмыс жасай білуге баулуда өзіндік жұмыс әдісінің тиімділігі зор. Практикалық іскерліктерінен дамыту үшін және тақырып мазмұнына сәйкес практикалық жұмыстарды журғизу үшін түсіндірілген материалдардың қаншалықты менгергендерін бақылау үшін практикалық әдісті пайдалануға болады. Мұндай әдістерді пайдалана отырып түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды менгерту тиімді болып табылады. Сондай-ақ, бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқытуда біліктілік, танымдық, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында практикалық әдістің ажырамас болігі ойынның да алар орны зор. Ойын – білім алушылардың сабакқа деген қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар сөйлеу - білік дағдыларын қалыптастырады. Ұлы педагог В.А. Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз шығармашылықсыз, только мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» деп атап көрсетеді. Ойын - ең тиімді оқыту тәсілі. Бұл әдіс арқылы білім алушыларды жан-жақты дамытуға, оқыту тәсілінде практикалық, тәрбиелік және дамытушылық жағын тұстастай қамтуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың еркін ойлауарына, еркін әрекет жасауларына жаттықтырады.

Сондай-ақ, бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқытуда тілдік қарым-қатынас құралы ретінде білім алушылардың сөздік корларын молайту мақсатында әндер мен рөлдік ойындарды қолданудың тиімділігі орасан. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін құрап үйрену білім алушылардың сөздік корларының көбеюіне ықпал етеді.

Ән мен өлеңдерді тыңдау барысында жаңа сөздер мен сөз тіркестері білім алушылардың естерінде тез жатталып сақталады, дыбыстарды дұрыс атап үйренуде, сөйлемге дұрыс екпін қоюда ең онтайлы тәсіл. Білім алушылардың эмоционалдық жай-күйлеріне де есепі мол, көңіл күйлері көтеріліп, тілге деген қызығушылықтары еселең арта түседі. Оқытушының да негізгі мақсаты - оқу үдерісінде жақсы эмоционалдық ахуал орнатып, білім алушылардың ынтасын көтере отырып, жетекшілік ету, бағыт-бағдар беру, яғни бүгінгі күн талабына сай, білімді дайын күйінде бермей, білім алушылардың өздіктерінен ізденулеріне, яғни тұлғаның өзін-өзі дамытуына жетелейді. Саналы түрде қабылданған білім естерінде ұзак сақталады. Оқытушының іскерлігі, біліктілігі білім алушылармен ара катынасын жақындағып, білімнің нәтижелі болуына көп ықпал етеді. Тілдік жаттығулар мен диалогты сөйлеуде білім алушылардың қарапайым іс-әрекеттерді сипаттай білүлере, сұрактар құра білүлере, өтініш айтудары, келісу-келіспеушіліктерін жеткізе біллере, шығармашылық тұрғыдан дамулары - тілді түсіну, сөйлеу, жазу қабілеттері мен дағдыларын дамытып қана қоймай, әр білім алушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына себепші болады. Бастауыш сыныпта білім алушылар тез шаршайтындықтан олардың психологиялық ерекшеліктері де ескерілуі қажет, сондыктан сергіту сәттерін қолдану, білім алушыларға қозғалуға, жүргүгө мүмкіндік беру, тапсырмаларды орындау уақытының ұзактығына мән беру, әрі жалықтырмайтындей түрлендірілуі маңызды.

Тілді үйрену кезінде білім алушылардың тыңдау, оку, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту оку үдерісінде іске асырылады және жазуға қарағанда білім алушылардың тұсінуіне, сөйлеуіне көбірек көңіл бөлінгені жөн. Бастауыш сыныпта білім алушылар есту, көру арқылы естерінде жақсы сактайды.

Сонымен қатар үйренген сөздерін күнделікті үйде қайталап отыру үшін ата-аналардың да көмегі зор. Білім алушыларға түрлі іс-әрекеттерді орындауда интернет пен сөздіктерді қолдануды үйрету арқылы ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттері мен дағдыларын дамытуға болады. Білім алушылар түрлі ережелер мен ұғымдарға берілген анықтамаларды іс жүзінде қолдана алуы керек, яғни арнайы тапсырмалар мен жаттығуларды орындауда теориялық білімдері шындалады. АКТ құралдарын оку үдерісінде пайдалану білім алушылардың қызығушылықтары мен белсенділіктерін тудырады.

Ағылшын тілін оқыту білім алушыларға әр түрлі саладағы акпарааттарды алу мүмкіндіктерін ұлғайтады, жеке қажеттіліктеріне сай жаңа мәліметтер алу, үздіксіз оку мүмкіндіктері әлемдік нарықта болашақ мамандардың бәсекеге қабілетті болуларына жағдай жасайды, яғни жалпы халықаралық бәсекелестікке бейімделудегі жетістіктерге жетуге негіз бола алады.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту бастауыш білім берудің барлық деңгейлерінде шет тілде қарым-қатынас жасай алатын, өз елінің мәдениетін бағалайтын, басқа елдердің мәдениетін түсінетін және сыйлайтын, бойында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары дарыған Қазақстанның азаматын тәрбиелеу болып табылады.

Шет тілін менгерген білім алушылардың қарым-қатынасқа тұсу мүмкіншілігі де арта түседі. Оқып үйренген тілде сөйлеуші елдің мәдениетін, ұлттық құндылықтарын танып біледі, өз елінің ерекшеліктерімен салыстыра отырып, мәдениаралық байланыс жасауға толық мүмкіндік алады.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан 2012ж.
- [2] Болашақтың іргетасын бірге қалаймыз! Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2013ж.
- [3] Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2007ж.
- [4] Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. - М. 1991г. С.57.
- [5] Пальмер Г. Устный метод обучения иностранным языкам. - М. 1960г. С.97.
- [6] Бабанский Ю.К. Педагогика. М. Просвещение. 1983г. С.128.

## REFERENCES

- [1] Standart gosudarstvennogo objazatel'nogo nachal'nogo obrazovaniya. - 2012. (in Russ.).
- [2] Fundament budushhego vmeste! Poslanie Prezidenta Respublikii Kazahstan
- [3] N. Nazarbaeva narodu Kazahstana. - 2013. (in Russ.).
- [4] Novyj Kazahstan v novom mire! Poslanie Prezidenta Respublikii Kazahstan N. Nazarbaeva narodu Kazahstana. - 2007. (in Russ.).
- [5] Passov E.I. Kommunikativnyj metod obuchenija inojazychnomu govoreniju. - M.:1991. - 57p. (in Russ.).
- [6] Pal'mer G. Ustnyj metod obuchenija inostrannym jazykam. -M.: 1960. - 97p. (in Russ.).
- [7] Babanskij Ju.K. Pedagogika. M. Prosveshenie: 1983. -128p. (in Russ.).

**Р.С. Имагулова, А.Е. Жумабаева**

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

## ВАЖНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

**Аннотация.** Учить и владеть иностранным языком - это важно. Обучение иностранному языку в начальных школах обеспечивает рост и созревание конкурентоспособного, всесторонне развитого интеллектуального и свободно владеющего иностранными языками молодого поколения. В отличие от других дисциплин, основной целью в обучении иностранному языку является развитие коммуникативной компетенции студентов, а, значит, ознакомление культурой и общением. На начальном этапе обучения иностранному языку в начальной школе будет заложен фундамент навыков общения через первых шагов изучения иностранного языка. Начальная стадия изучения языка зависит от языковых материалов, значит, целью достижения является раскрытие потенциальных возможностей дисциплины - воспитание, образование и развитие. В настоящее время в целях повышения качества обучения английскому языку учитель пользуется передовым международным опытом, инновационными технологиями и методами обучения английскому языку. Использование разных методов обучения языка считается эффективным в овладении теоретических проблем и принципов, задач и упражнений. А также формируется умение, познавательные и коммуникативные компетенции учащихся начальной школы посредством обучения английскому языку.

**Ключевые слова:** начальная школа, английский язык, коммуникативный навык, обучение - воспитание, образование, развитие, умение, метод.